



ABAI: Adamzattyń b́arın śı baýyrym dep.

Аймақтық қоғамдық-саяси газет

Газет 1932 жылдың 1 мамырынан бастап шығады

BALQASH ŌNIRI

balqash_oniri_gazeti

balkhashoniry@mail.ru

№66 (13439), 17 ҚЫРКҮЙЕК, СӘРСЕНБІ, 2025 ЖЫЛ

Нұрдос МАРАТУҰЛЫ,
«BALQASH ŌNIRI»

✓СҮЙІНШІ!

Қазақ боксы әлемді бағындырды



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАСЫ БОКСТАН ӨТКЕН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНДА ТАРИХИ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТІП, КОМАНДАЛЫҚ ЕСЕПТЕ ТОП ЖАРДЫ. ЖЕТІ БІРДЕЙ АЛТЫН МЕДАЛЬ ЕНШІЛЕГЕН ҚАЗАҚ БОКСШЫЛАРЫ ӘЛЕМ АРЕНАСЫНДА ЕЛ РУХЫН АСҚАҚТАТТЫ.

Асқақтаған ерлік

Бокс – тек спорт қана емес, ұлттың рухы мен жігерінің айнасы. Бұл жолы шаршы алаңда жан алысып, жан берісетін шешуші сәттерде Қазақстан құрамасының ұл-қыздары ел намысын жоғары ұстап, әлем алдында қайсар мінез, темірдей төзім мен болаттай жігер көрсетті.

Әлем чемпионаты – бұл тек алтын медаль үшін болатын бәсеке емес, бұл – жүрек пен рухтың шындалатын орны. Сол сыннан Қазақстан құрамасы сүрінбей өтті. Ерлер құрамасы да, әйелдер құрамасы да жарқырай көрініп, ел тарихындағы ең ірі жетістіктердің біріне қол жеткізді.

50 келі салмақта Санжар Тәшкенбай нағыз шеберліктің

үлгісін көрсетті. Шапшаңдығы мен дәл соққыларымен қарсыластарын састырған жас боксшы бұл салмақта ешкімге мүмкіндік берген жоқ. Оның әр жекпе-жегі – көрермен үшін нағыз спорт спектакліне айналды.

55 келідегі Махмұд Сабырхан – сабыр мен сойқан соққыны үйлестіре білген шебер. Ал, 70 келіде оның інісі Төрехан Сабырхан төрден орын алуға лайық екенін дәлелдеді. Екі ағайынды боксшы әлемдік доданың басты кейіпкерлеріне айналды.

+90 келі салмақтағы Айбек Оралбай – команданың капитаны, нағыз көшбасшы ретінде танылды. Өзінен салмақты әрі тәжірибелі қарсыласын жеңіп, ерік-жігердің, рухтың биіктігін көрсетті. Оның жеңісі – тұтас команданың жігерін тасытты.

Арулар да аянып қалмады

Ерлермен қатар, әйелдер құрамасы да зор жетістікке жетті. 50 келіде Алуа Балқыбекова найзадай өткір қимылымен жеңіске жетсе, 65 келіде Аида Әбікеева қарсыластарын ойсырата ұтып, жанкүйерлерді тәнті етті. 70 келі салмақта Наталья Богданова тек жекелей емес, ұлттық намы-

сты аркалап шықты. Оның әр жеңісі – Алаштың абыройына қосылған асыл үлес болды. 48 келі салмақта Назым Қызайбай төрешілер шешімімен алтыннан қағылғанымен, ел сенімін ақтады. Күміске қол жеткізгенімен, оның көрсеткен өнері – алтыннан кем түспеді. Ол әлі де шаршы алаңның ханшайымы екенін дәлелдеді. Сонымен қатар, 60 келідегі Виктория Графеева мен +80 келідегі Елдана Тәліпова да қола медаль иеленіп, болашақ чемпион екендіктерін байқатты.

Жеңіс – ел рухының көрінісі

Айта кетейік, бұл жеңіс – жай ғана медальдар жиынтығы емес. Бұл – тәуелсіз Қазақстанның спорттағы абыройы мен ұлтының рухын айқындайтын маңызды сәт. Өнұран шырқалып, Көк Ту көкке көтерілгенде, тек спортшылар емес, бүкіл елдің жүрегі тебіренді. Сол сәттер – ұлттың нағыз мерекесі, рухтың шынайы салтанаты. Қазақстан боксшылары жазған бұл жеңіс тарихы – келер ұрпаққа өнеге, бүгінгі елге қуаныш пен мақтаныш. Олар елдің атын әлемге әйгіледі, спорт арқылы ұлттық рухты жаңғыртты.

Гүлзат СӘРСЕМБЕКҚЫЗЫ,
«BALQASH ŌNIRI»

✓ҚАЛА ӘКІМДІГІНДЕ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ «ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ОНЫ ТҮБЕГЕЙЛІ ЦИФРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР АРҚЫЛЫ ШЕШУ» АТТЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫНДА ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ, ӨНІРЛЕРДІ ДАМУЫ, ТҮРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС, ТАБИҒИ РЕСУРСТАР, ЛОГИСТИКА, ОСЫ ЖӘНЕ БАСҚА ДА НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРҒА ТОҚТАЛА ӨТТІ. ЖОЛДАУДА АЙТЫЛҒАН ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ТАЛҚЫЛАУ МАҚСАТЫНДА БАЛҚАШ ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНДЕ ӨТКЕН ЖИЫНҒА ҚАЛА ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЛАРЫ, ҚАЛАЛЫҚ ДЕПУТТАТТАР, ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС МҮШЕЛЕРІ, АРДАГЕРЛЕР ЖӘНЕ ҚАЛА ЖАСТАРЫ ҚАТЫСТЫ. КЕЛЕЛІ ЖИЫНДЫ ҚАЛА ӘКІМІ САПАР САТАЕВ АШЫП ЖҮРГІЗДІ.

Жолдаудың жүгін талқылады

Жолдауда Президент «Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы мен су инфрақұрылымын жаңғырту - тұрақты дамудың негізгі факторына» баса назар аударды. «Үкімет пен жергілікті атқарушы биліктің әрекетсіздігі салдарынан еліміздің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы ондаған жыл бойы қараусыз қалып, бірте-бірте оның жай-күйі өте мүшкіл жағдайға түсті. Қазір бұл ахуалды өзгертіп, инфрақұрылымның тозу деңгейін төмендету үшін тиісті шаралар қабылданып жатыр. Соның ішінде тарифтерді ырықтандыру, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының инфрақұрылымын басқарудың жаңа моделін қалыптастыру сияқты шаралар бар. Мұндай үлгі бойынша тарифтер өскен сайын халыққа сенімді әрі сапалы қызмет көрсетілуге тиіс», - деп атап көрсетті Жолдауда ҚР Президенті.

Жиында Балқаш қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімі басшысының міндетін атқарушы Асылмұрат Тусупов қалада атқарылған және атқарылып жатқан жұмыстарға тоқтала өтті.

Балқаш қаласында сумен жабдықтау желілерін қайта жаңғыртудың 2 және 3 кезектегі жобасы іске асырылуда. 2022–2024 жылдар аралығында 44,1 км жаңа су құбыры желілері тартылды. Осы жылы тағы 21,5 км желіні ауыстыру жоспарланған, қазіргі уақытта оның 13 км-і ауыстырылды. Жобаның қалған бөлігі аясында тағы 32,1 км желіні жаңарту қажет. Қаладағы магистральдық су құбыры желілерінің жалпы ұзындығы 224,13 км құрайды, оның ішінде 53 км жаңартылған. Шамамен 160 км ішкі кварталдық желілердің 10 км-ге жуығы жаңартылды. Қазіргі уақытта желілердің тозу деңгейі 84%-ды құрайды,

алайда жоспарланған жұмыстар аяқталғаннан кейін бұл көрсеткіш 78%-ға дейін төмендейді. Сумен жабдықтау жүйесін жаңғырту жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізіліп, тиісті қызметтердің бақылауында. Ал, кәріз коллекторларын қайта жаңғырту жобасы аясында Балқаш қаласында ескірген инженерлік желілерді ауыстыру жұмыстары жалғасуда. 2024 жылы басталған жаңа полимерлік құбыр бірінші кезең барысында диаметрі 1000 мм болатын 4,8 км төселді. 2025 жылы жоба сәтті жалғасып жатыр: жоспарланған көлем аясында тағы 2,4 км құбыр толықтай төселді. Осылайша, қазіргі уақытта орындалған жұмыстардың жалпы көлемі 7,2 км-ді құрайды. Қайта жаңартылуға жататын коллектордың жалпы ұзындығы 25 км. Бүгінгі таңда 17,8 км желіні ауыстыру қажет. Қайта жаңарту жұмыстары жергілікті атқарушы органдардың бақылауында және бекітілген кестеге сәйкес кезең-кезеңімен жүргізілуде, - дейді А.Тусупов.

Жауапты мамандардың айтуынша, қаладағы жылу желілерін қайта жаңарту бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Бүгінде жалпы ұзындығы 10 км болатын жылу желілерінің 1 және 2 кезегі толығымен аяқталған екен. 2025–2026 жылдардағы жылыту маусымына дайындық аясында 15,9 км жылу желісіне ағымдағы жөндеу жүргізу жоспарда болған. Қазіргі таңда оның 7,8 км жөнделген. Сонымен қатар, инвестициялық бағдарлама аясында ұзындығы 540 метр кварталдық жылу желілерінің жөндеу жұмыстары толығымен аяқталған.

Кеңейтілген жиын барысында қала әкімі жауапты бөлім басшыларына коммуналдық секторды жаңғырту, инженерлік желілерді жөндеу және жаңарту, құрылыс саласына жаңа технологияларды енгізу, инвестиция тарту, туризмді дамыту, әлеуметтік төлемдерді қайта қарау, мұғалімдерді цифрлық білімге бейімдеу мәселелері бойынша нақты тапсырмалар берді.



СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Балқаш қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ басшысының жеке және заңды тұлғаларды қабылдау кестесі

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның ТА.Ә.	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні және уақыты	Жеке қабылдау өтетін орны
«Балқаш қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Шакенов Ізбасар Өміржанұлы	«Балқаш қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ басшысы	Әр аптаның сәрсенбісі сағат 16.00-ден 18.00-ге дейін	Балқаш қ., Уәлиханов көшесі, 3 үй, каб. №301

«Балқаш қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінде жұмыс күндері сағат 9:00-ден 18:30-ге дейін **3-07-71, 4-77-51** сенім телефоны жұмыс істейді.

Сенім телефоны арқылы мемлекеттік қызметкерлердің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі» нормалары, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдарын бұзу фактілерін хабарлауға болады. Сонымен қатар сіздер өздеріңіздің сұрақтарыңыз бойынша виртуалдық қабылдау бөлмесіне: **balkhash-kultura@mail.ru** электронды адресіне немесе **http://www.balkhash-kultura.kz** веб-сайтына өтініш берулеріңізге болады.

«Балқаш қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінде азаматтарды қабылдау кестесі

Аты-жөні	Лауазымы	Қабылдау күні, уақыты	Қабылдау мекенжайы,
Томпиева Жанат Қазиқызы	«Балқаш қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ басшысы	бейсенбі	Уәлиханов көш., 5 үй, №1 каб., 16.00-ден 18.00-ге дейін

«Балқаш қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінде әр күн сайын сағ. 9.00-ден 18.30-ға дейін, әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің Әдеп Кодексінің ережелерін, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңдылықтарын бұзу фактілерін хабарлау үшін 4-14-11 сенім телефоны жұмыс жасайды.

«Балқаш қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ жеке тұлғаларды және заңды тұлғалар өкілдерін қабылдау кестесі

Қабылдайтын тұлғаның аты-жөні	Лауазымы	Қабылдау күндері	Қабылдау мекенжайы және уақыты
Қуатбек Жасұлан Жанатбекұлы	«Балқаш қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ басшысы	Сәрсенбі	Уәлиханов көш, 5 үй байланыс телефон: 6-03-61, 16.00-ден 18.00-ге дейін

Азаматтарды қабылдау және өтініштерді қарау мәселелері бойынша ақпаратпен қамтамасыз етіледі. Жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауға алдын ала жазылу үшін статист маман Н.Хасеновке 6-83-02 байланыс телефоны арқылы хабарласуға болады.

«Балқаш қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде жұмыс күндері, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін (үзіліс уақыты сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін), 4-24-25 немсес 4-52-57 «Сенім телефоны» жұмыс істейді. «Сенім телефоны» арқылы мемлекеттік қызметшілердің Ар-намыс Кодексін, «Мемлекеттік қызмет туралы» және «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын бұзу фактілерін хабарлауға болады.

«Балқаш қаласының конфессияаралық қатынастар проблемаларын зерттеу және талдау орталығы» КММ-де жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін **6-69-40** сенім телефоны жұмыс істейді. Жалған діни ұйымдардың және радикалды ағымдардың қызметінен зардап шеккен тұлғалар осы телефонға қоңырау шалып, консультация алуына болады. Сонымен қатар «114» қызу желі жұмыс істейді.

Қоңырау шалыңыз!

Егер де:

- Сіз және сіздің жақындарыңыз күдік тудыратын адамдардың не болмаса діни бағыттағы ұйымдардың ықпалына түсіп қалса;
- Сіз және сіздің жақындарыңыз діни сипаттағы проблемалардың кесірінен өмірлік қиын жағдайға тап болса;
- Сіз және сіздің жақындарыңыз дін саласындағы мамандардың консультациясына және көмегіне мұқтаж болса.

Хабарландыру

«Kazakhmys Smelting (Казахмыс Смэлтинг)» ЖШС Балқаш мыс балқыту зауыты ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес хабарлайды: 29 қазан күні сағат 10:00-де ҚР, Қарағанды облысы, Балқаш қ., Абай көшесі, 34 мекенжайында Балқаш мыс балқыту зауытының 2026 жылға арналған келесі жобалары бойынша қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтеді: Рұқсат етілген шығарындылар нормативтері жобасы. Қалдықтарды басқару бағдарламасы. Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар бағдарламасы (жоспары).

Жобалық құжаттамамен мына бірыңғай экологиялық порталдан танысуға болады: Ұлттық деректер банкі <https://ndbecology.gov.kz/>.

Барлық ескертулер мен/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін кемінде 3 жұмыс күні бұрын жоғарыда көрсетілген бірыңғай экологиялық портал арқылы және электрондық поштаға: expertiza.upr_krg@mail.ru жолдануы қажет.

Егер төтенше жағдай және (немесе) шектеу шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме бірыңғай экологиялық порталға және МҚІА-ның ресми сайтына орналастырылады:

<https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda?lang=kk>

Қосымша ақпаратты мына электрондық пошта арқылы алуға болады: centrecoproekt@mail.ru және телефон арқылы: 8 (7232) 76-82-76.

Материалдарды әзірлеуші: «ЦентрЭКОпроект» ЖШС, БСН 090440015246, ҚР, ШҚО, Өскемен қ., Потанин көшесі, 12.

Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін жеке куәлікті өзіңізбен бірге алып келуіңіз қажет.

Объявление

ТОО «Kazakhmys Smelting (Казахмыс Смэлтинг)» Балхашский медеплавильный завод в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК, сообщает, что в 10 часов 00 минут 29 октября по адресу РК, Карагандинская область, г. Балхаш, ул. Абая, 34 состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по получению экологического разрешения на воздействие по проекту: Проект нормативов допустимых выбросов. Программа управления отходами. Программа производственного экологического контроля. Программа (план) мероприятий по охране окружающей среды для Балхашского медеплавильного завода на 2026 г.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на едином экологическом портале Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов <https://ndbecology.gov.kz/>.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на едином экологическом портале Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов <https://ndbecology.gov.kz/>. а также на эл. адрес: expertiza.upr_krg@mail.ru.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка будет предоставлена на едином экологическом портале и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda?lang=kk>

Дополнительную информацию можно получить по эл. адресу: centrecoproekt@mail.ru, и по телефону 8 (7232) 76-82-76.

Разработчик материалов: ТОО "ЦентрЭКОпроект", БИН090440015246, РК, ВКО, г. Усть-Каменогорск, ул. Потанина, 12.

Для регистрации участия в общественных слушаниях при себе иметь удостоверение личности.